

2025 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2025 жылғы 19 наурыздағы № 78 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2025 жылы 26 наурызда № 6225-05 болып тіркелді.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-тармағының 5-14) тармақшасына, "Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 24 мамырдағы № 180 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28188 болып тіркелген) сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2025 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау көлемдері бекітілсін.

2. "Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының Алматы облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

М. Султангазиев

Алматы облысы әкімдігінің
2025 жылғы 19 наурыздағы № 78
қаулысына қосымша

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Алматы облысы әкімдігінің 17.11.2025 № 340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2025 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау көлемдері

№	Субсидиялау түрлері	Өлшем бірлігі (килограмм, дана)	Субсидияланатын көлем (теңге)	Субсидиялар сомасы (мың теңге)
1.	Балық азықтарына тиесілі субсидиялар			
1.1	Тұқы тұқымдас балықтар мен олардың будандары	797 848 кг	105	83 774,0
1.2	Албырт тұқымдас балықтар мен олардың будандары	374 556 кг	270	101 130,0
1.3	Бекіре тұқымдас балықтар мен олардың будандары	104 056 кг	285	29 656,0
2.	Тұқы, албырт, бекіре тұқымдас балықтар және олардың будандары үшін балық отырғызу материалын сатып алуға субсидиялар (БӨМ)			
2.1	Тұқы тұқымдас шабағы 30 граммға дейін 1 (бір) дана	2 503 200 дана	15	37 548,0
2.2	Албырт тұқымдас ұрықтанған 1 (бір) дана уылдырық	3 586 000 дана	5	17 930,0
2.3	Албырт тұқымдас шабағы 10 граммға дейін 1 (бір) дана	3 018 960 дана	25	75 474,0
2.4	Бекіре тұқымдас шабағы 10 граммға дейін 1 (бір) дана	82 952 дана	250	20 738,0
3.	Б а л ы қ өсіру-биологиялық негіздемені сатып алу шығыстарын субсидиялар (БӨБН)	3 дана	500000	1500,0
4.	Дәрілік препараттарды сатып алуға субсидиялар			
4.1	Жұқпалы аурулармен күресуге арналған антибиотиктер, антигельминтикалық препараттар тобы, иммунитетті арттыруға арналған препараттар, сыртқы ауруларға қарсы препараттар,	2 450 кг		12 250,0

	торларды, тоғандар мен көлдерді өңдеуге арналған препараттар, су гидрохимиясын жақсартуға арналған препараттар, гипופиз		5000	
Барлығы				380 000,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК